ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 29 тамыз №381 Астана қаласы

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 236 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 236 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11224 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 мамырда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімепті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі М.ӘБІЛҚАСЫМОВА

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы №381 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №236 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) асыраушы – өзінің асыраушылығындағы отбасының еңбек етуге қабілетсіз мүшелерін өз табысы есебінен асыраушы адам;

3) әлеуметтік аударымдарды төлеуші – Заңда айқындалған тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтары;

4) әлеуметтік төлемдер – әлеуметтік төлемді алушының пайдасына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры жүзеге асыратын төлемдер;

5) әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, тиісті банк операцияларының түрлерін реттеу және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдары, «Қазпочта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) әлеуметтік төлемді алушы (бұдан әрі – алушы) – әлеуметтік қатер басталғанға дейін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры оған қатысты әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда – қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері;

7) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі) – медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі;

8) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі – Қор) – асыраушысынан айырылған жағдайда, отбасы мүшелерін – асыраушындағыларды қоса алғанда, өздеріне әлеуметтік аударымдар жүргізілген және өздеріне қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды, әлеуметтік төлемдер тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін заңды тұлға;

9) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының филиалдары – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары;

10) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

11) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары;

12) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының жалпы өтілі – әлеуметтік аударымдар түскен айлардың жалпы саны;

13) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы (бұдан әрі – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы) – өзі үшін әлеуметтік аударымдар төленетін және Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар жеке тұлға;

14) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі;

15) уәкілетті орган – Қор қызметіне реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

16) халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – жұмыспен қамту орталығы) – ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында құратын заңды тұлға;

17) істің электрондық макеті (бұдан әрі – ІЭМ) – Мемлекеттік корпорация қалыптастыратын әлеуметтік төлем алушы ісінің электрондық макеті;

18) «электрондық үкіметтің» веб-порталы (www.egov.kz) (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

19) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжатты дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

2-тарау. Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға жүгіну тәртібі

3. Әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар адамдар тұрғылықты жері бойынша жеке басты куәландыратын құжатпен және осы Қағидаларға 1-5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша өтініштен жүгінеді:

1) Мемлекеттік корпорацияға – әлеуметтік төлем тағайындау үшін:

еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда (жүгінген сәтте жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу туралы мәліметтер болған кезде);

асыраушысынан айырылған жағдайда;

жұмысынан айырылған жағдайда (жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы мәліметтер болған кезде);

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда;

2) МӘС бөлімшесіне – еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі алғаш белгіленген кезде еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындау үшін;

3) жұмыспен қамту орталығына – жұмыссыз ретінде тіркелген кезде жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін;

4) портал арқылы – әлеуметтік төлем тағайындау үшін:

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - Еңбек кодексі) 52-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмысынан айырылған адамдарды қоспағанда, жұмысынан айырылған жағдайда (жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы мәліметтер болған кезде);

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда.

4. Әлеуметтік қатер туындаған жағдайда әлеуметтік төлемді тағайындау өтініштің (оның ішінде электрондық) және мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

жеке басын куәландыратын (сәйкестендіру үшін);

Оралман мәртебесі бар адамдар әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш берген жағдайда азаматтық алғанға дейін оралман куәлігін ұсынады;

банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының нөмірі туралы мәліметтер;

сондай-ақ:

1) асыраушысынан айырылған жағдайда:

асыраушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе соттың адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі;

қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) адаммен туыстық қатынастарды растайтын құжаттар, неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы, қайтыс болған асыраушының балаларының туу туралы, асырап алу туралы, әке (ана) болуды белгілеу туралы куәліктер;

осы Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отбасы мүшелері он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейін білім алатын немесе күндізгі оқу нысанында білім алатыны туралы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарынан алынған анықтамалар (жыл сайын жаңартылады);

2) жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда:

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты берілген еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (парақтары);

дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіпқой медиаторлар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары үшін қосымша –Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы №306 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16601 болып тіркелді) Жеке шоттарын жүргізу қағидаларына (бұдан әрі - Жеке шоттарын жүргізу қағидалары) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органдары берген бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар туралы жеке шоттан үзінді көшірме;

3) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда:

баланың (балалардың) туу туралы куәлік (куәліктері) (немесе азаматтық хал актілерінің жазбаларынан туу туралы мәліметтерді қамтыған анықтама);

қамқоршылық немесе қорғаншылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган берген баланы (балаларды) асырап алу туралы соттың шешімінен үзінді-көшірме (бір жасқа толмаған баланы (балаларды) асырап алған жағдайларда);

баланың (балалардың) қайтыс болғаны туралы куәлік (куәліктері) (немесе азаматтық хал актілерінің жазбаларынан қайтыс болғаны туралы мәліметтерді қамтыған анықтама);

4) жұмысынан айырылған жағдайда:

Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек қатынастарының бұзылғанын растайтын еңбек кітапшасы немесе жұмыс берушінің актісінен расталған үзінді-көшірмесі немесе көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжатты, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген), қайтыс болғаны туралы куәлігі (немесе қайтыс болғаны туралы акті жазбасынан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалары), балалардың тұрғылықты тұратын жерінде тіркелгенін растайтын құжаты, неке қию туралы куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), қамқоршы белгіленгені туралы құжатты, соттың хабар-ошарсыз кетті (қайтыс болды) деп тану туралы, баланы (балаларды) асырап алу туралы шешімдерін мемлекеттік ақпараттық жүйелерде көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпараттты растауды талап етпейді.

5. Осы Қағидалардың 4-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа өтінішке мынадай мәліметтер қоса беріледі:

1) мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын:

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын;

тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы;

банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы;

мемлекеттік кірістер органдарында дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы және бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар туралы (Жеке шоттарды жүргізу қағидаларына 16-қосымшадағы нысанға сәйкес мемлекеттік кірістер органдары берген бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар туралы жеке шоттан үзінді көшірме) (жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда берілетін әлеуметтік төлемді тағайындауға дара кәсіпкерлер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіпқой медиаторлар, сондай-ақ шаруа немесе ферма қожалықтарының басшылары жүгінген кезде);

балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы;

асыраушының қайтыс болуы туралы (соттың хабар-ошарсыз кетті деп тануы немесе қайтыс болды деп жариялануы) (асыраушысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін жүгінген кезде);

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты берілген еңбекке уақытша жарамсыздық парағы туралы.

2) уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен алынатын:

еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда – жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу туралы;

асыраушысынан айырылған жағдайда – куәландыру жүргізу және мүгедектік тобын белгілеу туралы (он сегіз жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары, оның ішінде асырап алған балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері мен немерелері бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылған жағдайда);

жұмысынан айырылған жағдайда – жұмыспен қамту орталығының жұмыссыз ретінде тіркегені туралы.

Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты);

оралман статусы бар тұлғалар әлеуметтік төлемдерді тағайындауға жүгінген жағдайда оралманның куәлігі;

тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімдерінің анықтамасы, Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Ресей Федерациясы Байқоңыр қаласының тұрғын үй шаруашылығының азаматтары есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімнің анықтамасы);

банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының нөмірі туралы мәліметтер;

балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы қаулы (қаулыдан үзінді көшірме) немесе балаға қамқоршылық және қорғаншылық бойынша белгіленген үлгідегі анықтама;

МӘС-тің құрылымдық бөлімшесі берген жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу туралы анықтама.

6. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, құжаттардың көшірмелері «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Нотариат туралы заң) белгіленген тәртіппен куәландырылған жағдайларды қоспағанда, құжаттардың көшірмелерін ұсынылған түпнұсқалармен салыстырғаннан кейін құжаттары қабылдайтын маман салыстырып тексереді. Түпнұсқаларда ұсынылған құжаттар сканерленеді және өтініш берушіге қайтарылады.

7. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің үлесіне құқығы бар адам өтінішпен және осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қажетті құжаттармен қоса тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жүгінеді.

8. Әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін өтінішті және қажетті құжаттарды үшінші адамдардың беруі Нотариат туралы заңда белгіленген тәртіппен әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар адамның нотариалдық куәландырылған сенімхаты бойынша жүзеге асырылады.

9. Сот шешімімен әрекетке қабілетсіз және қамқорлыққа мұқтаж деп танылған адамдарға әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін өтінішті және қажетті құжаттарды олардың қамқоршылары береді.

Түзеу мекемесіндегі әлеуметтік төлем алуға құқығы бар адамға әлеуметтік төлем өтініштің және түзеу мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне оның әкімшілігі ұсынатын құжаттардың негізінде тағайындалады.

3-тарау. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі

10. Өтініш беруші әлеуметтік төлемдерді тағайындауға жүгінген жағдайда өтініш берушіде тағайындау фактісінің болуына немесе сәйкес әлеуметтік төлемді, оның ішінде балаға (балаларға), алуға, тағайындауға өтініш беруге тексеріс жүргізіледі.

Уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен тиісті әлеуметтік төлем тағайындау немесе тиісті әлеуметтік төлем тағайындауға (бала бір жасқа толғанға дейінгі оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайына тағайындалған әлеуметтік төлемді тоқтату жағдайынан басқа жағдайларда) өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде өтініш берушіге кідіртпей осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама беріледі.

11. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден тиісті әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтерді тексереді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидалардың 3-9-тармақтарына сәйкес ұсынған түпнұсқаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

12. Өтініш беруші құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған не әлеуметтік төлемді тағайындауға құқығы болмаған жағдайда өтініш берушіге кідіртпей осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

13. Жұмыспен қамту орталығы, МӘС бөлімшесі әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініштен және өтініш беруші түпнұсқада ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерінен, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтерден тұратын электрондық өтінімді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді.

Құжаттардың электрондық көшірмелері өтінішті қабылдаған маманның ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

14. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі екі жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттар топтамасының толықтығын тексереді, ІЭМ-ді, осы Қағидаларға 8 немесе 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы туралы анықтаманы, осы Қағидаларға 10, 11, 12, 13, 14-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімнің жобасын, осы Қағидаларға 15 және (немесе) 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшері туралы және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайына тағайындалған әлеуметтік төлем сомасы туралы не оны тағайындаудан бас тарту туралы анықтаманың жобасын (анықтамалардың жобаларын) қалыптастырады. Қалыптастырылған ІЭМ Мемлекеттік корпорацияның филиалына жіберіледі. ІЭМ әлеуметтік төлем алушы ісінің осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз нұсқасын қалыптастыру үшін басып шығарылады.

Мемлекеттік корпорацияның филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды, ІЭМ-ді ресімдеудің және әлеуметтік төлемді есептеудің дұрыстығын тексереді және әлеуметтік төлемдерді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін Қордың филиалына жібереді.

15. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы өтініштер және электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналдарында тіркеледі.

Жұмыспен қамту орталығына және МӘС бөлімшесіне жүгінген өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талоны беріледі.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген өтініш берушіге тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

16. Қордың филиалы төрт жұмыс күні ішінде шешім жобасымен ІЭМ-ді қарайды және әлеуметтік төлемдерді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім (бұдан әрі – шешім) қабылдайды.

17. Негіздер болған жағдайда Қордың филиалы әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін құжаттардың (мәліметтердің) анықтығын тексереді. Осы мақсаттарда Қордың филиалы мемлекеттік органдарға және тиісті ұйымдарға, әлеуметтік аударымдарды төлеушіге сұрау салулар жібереді. Бұл ретте әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы шешім қабылдауда орын алған кешіктіру және шешім қабылдаудың ұзартылу мерзімдері, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы туралы жазбаша нысанда өтініш берушіге хабар берілуге тиіс.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қордың филиалынан электрондық хабарлама түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабардар етеді:

өтініш беруші өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес құжаттарға тексеру жүргізілетіні туралы хабарлама беру арқылы;

өтініш берушінің ұялы телефон нөміріне хабарлама Short Message Service (Шорт мәсседж сервис) (бұдан әрі - sms-хабарлама) жіберу арқылы;

Құжаттардың тексерілуі туралы sms-хабарлама осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлама журналында тіркеледі.

18. Негіздер болған жағдайда Қордың филиалы ІЭМ-мен салыстырып тексеру үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінен қағаз жеткізгіштегі іс макетін сұратады.

19. Егер әлеуметтік төлем тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін қосымша құжаттарды (мәліметтерді) ІЭМ-ге қосып тіркеу қажеттілігі анықталса, Қордың филиалы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне ІЭМ-ді осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабарламамен қайтарады. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалынан электронды хабарлама түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды жиырма бес жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне ұсыну қажеттігі туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

өтініш беруші өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабарламаны беру арқылы;

өтініш берушінің ұялы телефонына sms хабарлама жіберу арқылы;

Құжаттардың жете рәсімделуі туралы sms-хабарлама осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлама журналында тіркеледі.

20. Жете ресімдеу мерзімі отыз жұмыс күннен аспайды.

21. Егер отыз жұмыс күні ішінде талап етілген құжаттар ұсынылмаса, Қордың филиалы әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

22. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіні әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы Қордың филиалы қабылдаған шешім туралы:

өтініш беруші өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны табыстау;

өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Әлеуметтік төлем тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы sms-хабарлар осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлар журналында тіркеледі.

23. Әлеуметтік төлемдерді тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Қордың филиалы шешімде бас тарту себебін көрсетеді.

24. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайға тағайындалған әлеуметтік төлемнің сомасы туралы не оны тағайындаудан бас тарту туралы осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама (анықтамалар), еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайына тағайындалған әлеуметтік төлемнің сомасы туралы не оны тағайындаудан бас тарту туралы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама (анықтамалар) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне алушының өзі жүгінген не алушыдан нотариалдық куәландырылған сенімхат бойынша үшінші адам жүгінген кезде беріледі.

25. Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) адам үшін төлемдер алатын қамқоршы (қорғаншы) ауысқан, жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі, жалпы еңбек ету дәрежесін белгілеу мерзімі немесе асырауындағы адамдардың саны өзгерген жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жаңадан ұсынылған мәліметтермен толықтырылған ІЭМ-ді және бекіту үшін шешімнің жобасын дайындайды және Қордың филиалына жібереді.

Ақпараттық жүйелерде әлеуметтік төлем алушының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні өзгерген кезде ОДҚ-да өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушы қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған), ата-ана құқықтарынан айырылған немесе олар шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген жағдайда, әлеуметтік төлем Заңның 23-2-бабына сәйкес балаға немлекеттің толық қамсыздандыруы белгіленген жағдайларды қоспағанда, бір жасқа толғанға дейін оның күтімін жүзеге асыратын адамға әлеуметтік төлем жүргізіледі және Қордың филиалы бекітеді.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін бір жасқа толмаған бала қайтыс болғаннан кейін жүгінген жағдайда әлеуметтік төлем қайтыс болған айды қоса ала отырып тағайындалады.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындаған жағдайда отбасы ата-анасы ата-ана құқығынан айырылған немесе ата-ана құқығы шектелген балалары, өлі туған, егер олар басқа ата-ананың отбасында есепте болмаса, өгей балаларды қоспағанда туған, асырап алынған, қамқорлыққа (қорғаншылыққа) алынған балалар отбасы құрамы ескеріледі.

4-тарау. Әлеуметтік төлемдерді портал арқылы тағайындау тәртібі

26. Әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау үшін және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш беруші өзі жүзеге асырады.

27. Сұрау салуды портал арқылы жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті және мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен келіп түскен мәліметтерді өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және оны уәкілетті органның автоматандырылған ақпараттық жүйесіне жібереді.

28. Әлеуметтік төлем тағайындау үшін ұ

(Жалғасы. Басы 13-бетте)

Бұл ретте, жұмысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлемді қайта есептеуге жүгіну мерзімі жұмысынан айырылуы жағдайына төлемге құқық туындаған күннен бастап 12 айдан аспайды.

52. Ауыр босанған, екі және одан да көп бала туған жағдайда, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді қайта есептеу жүктілігі және босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағына (парақтарына) сәйкес еңбекке жарамсыздық күндерінің жалпы саны ескеріле отырып, әлеуметтік төлемнің тағайындалған сомасын жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің қайта есептелген сомасынан алып тастау арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушының әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу туралы өтінішінің негізінде Қор филиалы бекіту үшін шешімнің жобасын қалыптастырады.

53. «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңда көзделген бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша берілетін мемлекеттік жәрдемақының ай сайынғы мөлшері қайта қаралған кезде бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің ең төменгі мөлшері бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша төленетін мемлекеттік жәрдемақының деңгейіне дейін қайта есептеледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалы бекіту үшін осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу туралы шешімнің жобасын қалыптастырады.

54. Бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем алушы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қосымша туу туралы азаматтық хал актілерінің жазбасынан мәліметтері бар баланың (балалардың) туу туралы куәлігін (куәліктерін) ұсынған жағдайда әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу жаңа туған баланың (балалардың) кезектілігі ескеріліп әлеуметтік төлемге құқық туындаған күннен бастап жүргізіледі.

Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем алушының өтініші негізінде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қордың филиалы бекітуі үшін шешім жобасын қалыптастырады.

Бұл ретте, бір жасқа толғанға дейінгі бала күтімі үшін табысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем мөлшерін қайта есептеуге жүгіну мерзімі бала бір жасқа толғанға дейінгі оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлемге құқық туындаған күннен бастап 12 айдан аспайды.

55. Әлеуметтік төлем тағайындауға жүгінген күннен кейін әлеуметтік төлемді есептеу үшін қабылданған кезеңде әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда алушыға тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді.

56. Әлеуметтік төлемнің мөлшерін анықтау кезінде ескерілген кезең үшін төленген, соттың актісі негізінде заңсыз деп танылған әлеуметтік аударымдар өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары әлеуметтік төлем тағайындау үшін кейіннен жүгінген жағдайда ескерілмейді.

7-тарау. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру тәртібі

57. Еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайларда Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру Заңның 8-1-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде арттыру күніне тиісті әлеуметтік төлемдер тағайындалған адамдарға жүргізіледі.

Арттыру күніне аталған әлеуметтік төлемдер тағайындалған адамдарға әлеуметтік төлемнің тағайындалған мөлшерін тиісті арттыру пайызына көбейту жолымен жүргізіледі.

58. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалы бекіту үшін осы Қағидаларға 29 және 30-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті әлеуметтік төлем тағайындалған әрбір адам бойынша еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы шешімдердің жобаларын қалыптастырады.

8-тарау. Әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру тәртібі

59. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау (қайта есептеу, жалғастыру) туралы бекітілген шешімдердің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған (қайта есептелген, жалғастырылған) әлеуметтік төлемдердің сомаларын Қорға ай сайын төлем айының алдындағы айдың 25-күніне ұсынылатын жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдерді қоспағанда, әлеуметтік төлемдерге қаражат қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.»

60. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдерге қаражат қажеттілігін Мемлекеттік корпорация күн сайын қалыптастырады.

61. Қор күн сайынғы негізде әлеуметтік төлемдерге қаражаттың қажеттілігін есептеу бойынша болжамдық деректерді қалыптастырады.

62. Қор кесте бойынша әлеуметтік төлемдерді уйымдастыру үшін Мемлекеттік корпорацияға күн сайын қаржыландыруды жүргізеді.

Мемлекеттік корпорация қаражатты алып, үш жұмыс күні ішінде алушыларға әлеуметтік төлемдерді жүзеге асырады.

63. Мемлекеттік корпорация әлеуметтік төлемдерді:

қаражатты алушылардың банк шоттарына аудару;

қаражатты түзеу мекемесіндегі алушыларға түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотына аудару;

«Қазпочта» акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушыларға үйлеріне жеткізіп беру жолымен жүргізеді.

Әлеуметтік төлемдерді алушыларға үйге жеткізіп беру мынадай санаттағы адамдарға:

бірінші топтағы мүгедектерге;

бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулық жағдайы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

почта байланысының бөлімшелері (пункттері) болмаған жағдайда, ауылдық жерде тұратын адамдарға жүргізіледі.

64. Алушының банк шотының нөмірі, төлеу тәсілі, алушының (қамқоршының, қорғаншының) тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушылар (қамқоршылар, қорғаншылар) осы өзгерістер туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен өтініш береді.

65. Егер адам түзеу мекемесіне орналастырылған сәтте әлеуметтік төлем алушы болып табылса, түзеу мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі түзеу мекемесінің әкімшілігі ұсынған, көрсетілген адамның өтініші негізінде әлеуметтік төлемді жүзеге асырады.

66. Алушы түзеу мекемелерінде болған уақытында әлеуметтік төлемдерді алмаған жағдайда, төлем осы Қағидаларға сәйкес қалпына келтіріледі.

9-тарау. Қор филиалының және (немесе) Мемлекеттік корпорацияның кінәсінен уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу тәртібі мен мерзімдері

67. Мемлекеттік корпорация уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын, индекстеуді ескере отырып төлеуді мынадай жағдайларда:

1) әлеуметтік төлем алушы әлеуметтік төлемдердің уақтылы не толық төлемегенін өздігінен анықтаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне өтініштпен жүгінгенде;

2) алушыға әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу (тағайындау) туралы соттың шешімі келіп түскенде;

3) әлеуметтік төлемдердің уақтылы не толық төленбегенін міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті орган, Мемлекеттік корпорация немесе Қор анықтағанда жүргізеді.

Әлеуметтік төлемдер сомаларын уақтылы не толық төлемеу фактісі анықталған кезде Мемлекеттік корпорация бірінші кезекте оларға қатысты уақтылы не толық төлемеу себептері жойылған алушылар бойынша уақтылы не толық төленбеу себептерін анықтайды, төлемдердің кешіктірілген уақыты үшін индекстеу сомаларын ескере отырып, уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу үшін қажетті қосымша қаражат қажеттілігі сомаларының есебін жасайды және Қордың филиалы шешім шығару үшін шешім жобасын 31-қосымшаға сәйкес қалыптастырады.

Уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеуді Мемлекеттік корпорация индекстеуді ескере отырып Заңның 20-бабының 8-тармағында көзделген тәртіппен жүргізеді.

68. Әлеуметтік төлемдерді алушыға уақтылы не толық төленбеген әлеуметтік төлемдер сомаларын индекстеу Қор активтерінің есебінен жүргізіледі.

10-тарау. Қорытынды ережелер

69. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлемдер сомасының артық есептелгенін (төленгенін) анықтаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ол туралы осы Қағидаларға 32-қосымшадағы нысанға сәйкес себебін көрсете отырып, алушыны хабардар етеді.

70. Әлеуметтік төлемдердің артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару, Қорға аудару үшін Мемлекеттік корпорацияның шотына:

алушының өтініші бойынша;

Заңның 12-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті уйымға Қорға аудару үшін төлемдерді Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ақпараттық жүйелерден алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кетуі туралы мәліметтерді) қоса бере отырып хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация бір операциялық күннен кешіктірмей, әлеуметтік төлемдердің және міндетті зейнетақы жарналарының артық есептелген (төленген) сомаларын түскен күннің ертеңіне әлеуметтік қатер түрлері бойынша Қордың шотына аударады.

71. Әлеуметтік төлемдердің сомалары қате аударылған жағдайларда Мемлекеттік корпорация әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті уйымға Мемлекеттік корпорация мен әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті уйым арасындағы шартта белгіленген нысан бойынша және тәсілмен төлем тапсырмасын кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпарат жолдайды.

Әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті уйым қате аударым не кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпараттың негізінде ақшаны Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады не нұсқауды орындауды тоқтата тұрады.

72. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қатыссыз себептер бойынша алушыларға артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдер сомаларын есептен шығару үшін борышкердің қайда екендігі белгісіз болуына, борышкердің (жауапкердің) кім екенін белгілеуге мүмкіндік болмауына байланысты немесе мұрагерлерінің болмауына байланысты соманы қайтару мүмкін еместігі туралы сот шешімін шығару үшін Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы Қордың міндеттісін қорғау бойынша ұсынылған сенімхат негізінде қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық-процессуалдық кодексінде белгіленген тәртіппен сот органдарына өтінішпен жүгінеді.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері артық аударылған (төленген) сомаларды есептен шығаруды сот актілерінің негізінде есептен шығару актісі бойынша жүргізеді.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі есептен шығару актілерін үш жыл сақтайды.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының
_____ облысы (қаласы) бойынша филиалы

Өтініш

Азамат (ша) _____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Туған күні ____ ж. «__» _____
Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): _____
Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі _____
Құжаттың сериясы _____ Құжаттың нөмірі _____ Кім берген _____
Берілген күні ____ ж. «___» _____
Тұрғылықты жері туралы мәлімет: _____
Облыс _____
қала (аудан) _____ ауыл _____
көше (шағынаудан) _____ үй, _____ пәтер
Банк деректемелері:
Банктің атауы _____
Банк шотының № _____
Шот түрі: ағымдағы_____
Маған_____
(еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайына (жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін көрсете отырып), асыраушысынан айырылу жағдайына (асырауындағы адамдардың санын көрсете отырып), жұмысынан айырылу жағдайына, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылу жағдайына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылу жағдайына, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлемді - қажеттісі жазылсын) тағайындауды (улес бөлуді, қалпына келтіруді, қайта есептеуді) сұраймын.

Отбасының құрамы туралы мәліметтер (асыраушысынан айырылу және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда толтырылады):

1) _____
2) _____
3) _____
4) _____
5) _____
6) _____
7) _____

Отбасы құрамында ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары шектелген балаларды қоспағанда, туған, асырап алынған, сондай-ақ қорғаншылыққа алынған балалар ескеріледі, сондай-ақ отбасы құрамында егер басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, өгей балалар да ескеріледі.

Әлеуметтік төлем мөлшерінің өзгеруіне әкелетін барлық өзгерістер (тоқтата тұру, тоқтату), сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осындай өзгерістер туралы он күнтізбелік күн ішінде хабарлау қажеттілігі туралы хабардармын.

Отбасының мүшелері күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын оқушылар немесе студенттер болып табылатыны туралы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарынан анықтаманы жыл сайын (оқу жылының басында) ұсыну қажеттілігі туралы хабардармын.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе

Әлеуметтік төлем сомасынан міндетті зейнетақы жарналарын ұстауға келісім беремін (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген адам толтырады): иә/жоқ

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем бойынша міндетті зейнетақы жарналары субсидияланатыны туралы және агент міндетті зейнетақы жарналарын аударған жағдайда тоқтатыла тұратыны және тоқтатылуы мүмкін екендігі туралы хабардармын.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындауға және жүзеге асыруға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Әлеуметтік төлемді тағайындау (бас тарту) туралы шешім қабылдау туралы sms-хабар жіберу жолымен, телефон байланысы арқылы хабарлауға келісім беремін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банк шоты ашылған жағдайда, осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жол берілмейді.

Төлеуші-ұйымның байланыс телефоны, орналасқан жері _____
Өтініш берушінің байланыс деректері:
телефоны _____ ұялы телефоны _____
Өтініш берген күні: 20 ____ ж. «____» _____
Өтініш берушінің қолы _____

Дәйексіз мәліметтер мен жасанды құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы
_____
Азамат _____ өтінішті № _____ тіркелді.
Құжаттар қабылданған күн _____ қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы_____
(қию сызығы)
_____
өтінішті қоса берілген құжаттармен қабылданды
өтініш тіркелген күн: 20 ___ ж. «___» _____
_____ әлеуметтік төлемді тағайындауға қажетті құжаттың (құжаттардың) жоқ екені анықталған жағдайларда, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұзартылады _____
_____ құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____
«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-ның
_____ облысы (қаласы) бойынша филиалы

Өтініш

_____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Туған күні 19 ___ ж. «____» _____
тұрғылықты мекенжайы: _____
Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН):_____
Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі:_____
Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____кім берген: _____
Берілген күні: «____» _____ ж.

Маған _____
(ауыр босануыма немесе екі және одан көп бала тууыма байланысты - қажеттісі жазылсын)

жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемге қайта есептеу жүргізуді сұраймын.

Ауыр босанғанымды немесе екі және одан көп бала туғанымды растайтын жүктілік және босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағын қоса беріп отырмын.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындауға және жүзеге асыруға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Берілген күні _____ Өтініш берушінің қолы _____
Азамат _____ өтініші
(құжаттармен қоса өтініш қабылданған күн)
20___ж. «___» _____ № _____ қабылданды.
Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы:
_____

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе

_____
(қию сызығы)
Азамат _____ өтініші № _____ тіркелді, құжаттар қабылданған күн _____
Шешім қабылданған күн _____
Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы:

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының
_____ облысы (қаласы) бойынша филиалы

Өтініш

Азамат _____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Туған күні: _____ ж. «___» _____
Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): _____
Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____
Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____
Берілген күні _____ ж. «___» _____
Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы _____
Облыс_____
қала (аудан) _____ ауыл _____
көше (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер
6) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтері және халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде, әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұру фактісін және кезеңін растайтын құжат;

7) «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжат;

8) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек қызметінің кезеңдерін растайтын құжаттар (олардың болуына қарай):

еңбек кітапшасы;

еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, жұмыс орнынан анықтама;

сот шешімі.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 2005 жылғы1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдерді аудару туралы орталықтандырылған дерекқордың мәліметтері негізінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған кезеңдер есепке алынады.

Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.

Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмаған жағдайларда міндетті зейнетақы жарналарын (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезендері мынадай құжаттармен расталады:

міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы жұмыс берушінің растау анықтамасы (ол осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес ұсынылса);

міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезендерін растайтын сот шешімі.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеген кезде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асырған адвокаттардың, жеке сот орындаушыларының, жекеше нотариустардың, кәсіпқой медиаторлардың, сондай-ақ дара кәсіпкерлердің, шаруа немесе фермер қожалықтары мүшелерінің (қатысушыларының) және басшыларының міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына тиісті салық кезеңіне төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының кемінде жылдық сомасын аударған жағдайда бір жылға тең болады.

Егер көрсетілген адамдар енгізген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы тиісті салық кезеңіне төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының жылдық сомасынан аз болса, онда міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезең енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасына пропорционалды түрде айқындалады.

Міндетті зейнетақы жарналарын 2006 жылғы 1 шілдеге дейін аударған жағдайда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңіне міндетті зейнетақы жарналары аударылған айдың алдындағы ай есепке алынады.

Егер бір айда жинақтаушы зейнетақы қорларына және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару бірнеше рет жүзеге асырылса, жинақтаушы жүйеге қатысу кезеңі бір айды құрайды.»;

29-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«29-1. Базалық зейнетақыны алушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі туралы қосымша құжаттарды ұсынған кезде, базалық зейнетақының мөлшерін өзгерту осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, ал әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар қатарынан базалық зейнетақыны алушылар үшін осы Қағидаларға 26-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бастап жүзеге асырылады.

Базалық зейнетақының мөлшерін өзгерткен жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес 1-ВС-арттыру нысаны бойынша базалық зейнетақының жаңа мөлшері туралы үзінділерді Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жолдайды.

2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған базалық зейнетақыны алушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі туралы қосымша құжаттары ұсынған кезде базалық зейнетақының мөлшерін өзгерту 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтінішпен жүгінген шарттарда жүзеге асырылады.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Уәкілетті органның зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды тағайындау туралы шешімдерінің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын ай сайын, төлем айының алдындағы айдың 25-күніне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) ұсынылатын, төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.»;

осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

2-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес 26-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. «Халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік қызметті көрсету регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 407 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 91279 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 10 шілдеде жарияланған)мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау» мемлекеттік қызметі көрсету регламенті» 1-қосымшада:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

6-тармақтың 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер талап етілетін құжаттар отыз жұмыс күні ішінде ұсынылмаса, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 223 бұйрықпен бекітілген Қағидалар) 26-тармағына сәйкес қолда бар құжаттар бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім шығарады;»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Электрондық іс макетіне қосымша құжаттар қосу қажеттілігі себебімен көрсетілетін қызметті берушіден электрондық шешім жобасымен электрондық іс макеті қайтарылған жағдайда:

электрондық іс макетін қалыптастыратын маман:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық макет Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген қосымша құжатты (құжаттарды) 25 жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттігі туралы телефон байланысы, оның ішінде ұялы телефонға sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді;

2) көрсетілетін қызметті алушы қосымша құжатты (құжаттарды) ұсынған кезде:

қосымша құжаттар ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық іс макетін және электрондық шешім жобасын жете рәсімдейді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің көрсетілетін қызметті алушы ұсынған түпнұсқаларға сәйкес келуін, зейнетақы төлемінің мөлшерін есептеудің, электрондық шешім жобасын рәсімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етеді, электрондық шешім жобасын ЭЦҚ арқылы куәландырады және Мемлекеттік корпорация филиалына жібереді;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетін алу үшін талап етілетін құжаттарды ұсынбаған, ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленген, көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті материалдар, деректер мен мәліметтер № 223 бұйрықпен бекітілген Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда бас тарту себептерін көрсете отырып, МБЗТ тағайындаудан бас тарту туралы электрондық шешім жобасын бекітеді;

МБЗТ тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетін автоматты режимде көрсетілетін қызметті беруші бөлімінің (басқармасының) басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші бөлімі маманының ЭЦҚ-сымен куәландырылған МБЗТ тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық шешім жобасымен электрондық іс макеті мемлекеттік қызметті көрсету бойынша осы кезеңдегі ресімнің (іс-қимылдың) нәтижесі болып табылады;

2) МБЗТ тағайындау бойынша функцияны жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті беруші бөлімінің (басқармасының) басшысы бір жұмыс күні ішінде:

келіп түскен электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетін қарайды (есептеудің дұрыстығын, сканерленген құжаттардың сапасын тексереді);

МБЗТ тағайындау туралы шешім қабылдауға қажетті қосымша құжаттарды электрондық іс макетіне қосу үшін негіздемелер болған кезде отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетін Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне қайтарады;

негіздемелер болған кезде ұсынылған, оның ішінде «электрондық үкімет» шлюзі арқылы АЖ-дан алынған құжаттың дәйектілігін, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік корпорация бөлімшесі арқылы № 223 бұйрықпен бекітілген Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлай отырып, электрондық іс макеті көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде тексереді;

ЭЦҚ арқылы:

электрондық іс макеті Стандартқа толық сәйкес келген жағдайда МБЗТ тағайындау туралы;

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін талап етілетін құжаттарды ұсынбаған, ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленген, көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті материалдар, деректер мен мәліметтер № 223 бұйрықпен бекітілген талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда бас тарту себептерін көрсете отырып, МБЗТ тағайындаудан бас тарту туралы электрондық шешім жобасын куәландырады;

МБЗТ тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетін автоматты режимде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші бөлімі (басқармасы) басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылған МБЗТ тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық шешім жобасымен электрондық іс макеті мемлекеттік қызметті көрсету бойынша осы кезеңдегі ресімнің (іс-қимылдың) нәтижесі болып табылады;

3) МБЗТ тағайындау жөніндегі функцияны жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті берушінің басшысы бір жұмыс күні ішінде:

келіп түскен электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетін қарайды (есептеудің дұрыстығын, сканерленген құжаттардың сапасын тексереді);

МБЗТ тағайындау туралы шешім қабылдауға қажетті қосымша құжаттарды электрондық іс макетіне қосу үшін негіздемелер болған кезде отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетін Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне қайтарады;

негіздемелер болған кезде ұсынылған, оның ішінде «электрондық үкімет» шлюзі арқылы АЖ-дан алынған құжаттың дәйектілігін, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік корпорация бөлімшесі арқылы № 223 бұйрықпен бекітілген Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлай отырып, электрондық іс макеті көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде тексереді;

ЭЦҚ арқылы:

электрондық іс макеті Стандартқа толық сәйкес келген жағдайда МБЗТ тағайындау туралы;

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін талап етілетін құжаттарды ұсынбаған, ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленген, көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті материалдар, деректер мен мәліметтер № 223 бұйрықпен бекітілген талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда бас тарту себептерін көрсете отырып, МБЗТ тағайындаудан бас тарту туралы электрондық шешім жобасын бекітеді;

қабылданған шешімді автоматты режимде Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне жібереді;

ЭЦҚ куәландырған кезде МБЗТ тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне немесе порталға автоматты түрде жіберіледі.

МБЗТ тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау және қабылданған шешімді автоматты режимде төлеуге жіберу мемлекеттік қызметті көрсету бойынша осы кезеңдегі ресімнің (іс-қимылдың) нәтижесі болып табылады.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Мемлекеттік корпорация бөлімшесі құжаттар топтамасы тіркелген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық (қағаз түріндегі) іс макетін қалыптастырады.

Бұл ретте құжаттарды қабылдайтын маман:

1) тағайындау немесе төлеу фактісінің болуына мемлекеттік органның автоматтандырылған АЖ-сына сұрау салуды қалыптастырады. МБЗТ тағайындау немесе төлеу фактісі анықталған кезде Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МБЗТ тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;

2) көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын тексереді;

3) «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті АЖ-ларға:

«Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқоры АЖ-ға – көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын және тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар бойынша;

«АХАЖ» АЖ-ға – баланың туу туралы куәлігі немесе туғы туралы актілік жазбадан үзінді бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), неке қию туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша);

«Е Қорғаншылық» АЖ-ға – қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжаттар бойынша;

«Жоғарғы сот» АЖ-ға – бала (балаларды) асырап алу жөніндегі сот шешімі бойыншасұрау салуды қалыптастырады;

4) еңбек кітапшасын тексереді, онда тиісті жазбалар болмаса, түзетулер, дәлсіздіктер болса, әртүрлі оқылса, өтініш берушіден архив мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар ұсынуды сұратады;

5) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды, оның ішінде АЖ-дан алынатын мәліметтер болмаған жағдайда сканерлейді;

6) сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің көрсетілетін қызметті алушы ұсынған түпнұсқаларға сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

7) өтінішті тіркейді;

8) құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған, МБЗТ тағайындауға құқығы болмаған жағдайда Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Іс макетін қалыптастыратын маман құжаттардың толық топтамасымен өтінішті қабылдағаннан кейін мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:

1) электрондық шешім жобасымен электрондық (қағаз) іс макетін қалыптастырады;

2) МБЗТ мөлшерін есептеуді жүргізеді, электрондық шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын тексереді;

3) электрондық шешім жобасын ЭЦҚ-мен куәландырады және электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын Мемлекеттік корпорация филиалына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар сапасы сканерленген, архив мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар ұсыну қажет болған жағдайларда құжаттарды қабылдаған маманға қайтарады.»;

12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) МБЗТ мөлшерін есептеудің және келіп түскен электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын қарайды және тексереді;»;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

«12-1. Электрондық іс макетіне қосымша құжаттар қосу қажеттілігі себебінен көрсетілетін қызметті берушіден электрондық шешім жобасымен электрондық іс макеті қайтарылған жағдайда:

электрондық іс макетін қалыптастыратын маман:

1) көрсетілетін қызметті алушыны электрондық макет Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық іс макетін қайтарған күннен бастап хабарламада көрсетілген қосымша құжатты (құжаттарды) 25 жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттігі туралы телефон байланысы, оның ішінде ұялы телефонға sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді;

2) көрсетілетін қызметті алушы қосымша құжатты (құжаттарды) ұсынған кезде:

қосымша құжаттар ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде электрондық іс макетін және электрондық шешім жобасын жете рәсімдейді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің көрсетілетін қызметті алушы ұсынған түпнұсқаларға сәйкес келуін, МБЗТ мөлшерін есептеудің, электрондық шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етеді, электрондық шешім жобасын ЭЦҚ-сымен куәландырады және Мемлекеттік корпорация филиалына жібереді;

Мемлекеттік корпорация филиалы Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен электрондық шешім жобасымен электрондық іс макеті келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде:

1) МБЗТ мөлшерін есептеудің және келіп түскен электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын тексереді;

2) ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.»;

1-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызметі көрсету регламенті» 4-қосымшада:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

6-тармақтың 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«егер талап етілетін құжаттар отыз жұмыс күні ішінде ұсынылмаса, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 223 бұйрықпен бекітілген Қағидалар) 26-тармағына сәйкес қолда бар құжаттар бойынша жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім шығарады;»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қосымша құжаттарды іс макетіне қосу қажеттілігіне байланысты көрсетілетін қызметті берушіден электрондық шешім жобасымен электрондық іс макеті қайтарылған жағдайда:

электрондық іс макетін қалыптастыратын маман:

1) көрсетілетін қызметті алушыны электрондық макет Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген қосымша құжатты (құжаттарды) 25 жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттігі туралы телефон байланысы, оның ішінде ұялы телефонға sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді;

2) көрсетілетін қызметті алушы қосымша құжатты (құжаттарды) ұсынған кезде Мемлекеттік корпорация бөлімшесі қосымша құжаттар ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде:

көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген, көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданатын қосымша құжат (құжаттар) топтамасының толықтығын тексереді;

электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын жете рәсімдейді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің көрсетілетін қызметті алушы ұсынған түпнұсқаларға сәйкес келуін, жәрдемақы мөлшерін есептеудің, электрондық шешім жобасын рәсімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етеді, электрондық шешім жобасын ЭЦҚ-мен куәландырады және Мемлекеттік корпорация филиалына жібереді;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінен электрондық шешім жобасымен электрондық іс макеті келіп түскен күннен бастап Мемлекеттік корпорация филиалы екі жұмыс күні ішінде:

1) келіп түскен электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын рәсімдеудің және мөлшерінің дұрыстығын тексереді;

2) ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау» мемлекеттік қызметі көрсету регламенті» 11-қосымшада:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

6-тармақтың 1) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленген, көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті материалдар, деректер және мәліметтер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 223 бұйрықпен бекітілген Қағидалар) талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда бас тарту себептерін көрсете отырып, төлемді тағайындаудан бас тарту туралы электрондық шешім жобасын куәландырады;»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы».

3. «2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 17 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15052 болып тіркелген; «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне:

1) Заңның 13-бабына сәйкес есептелген 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге жинақталған еңбек өтілі;

2) міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең;

3) жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін жалпы жиынтығы 12 жыл шегінен аспайтын уақыты;

4) бірінші топтағы мүгедекті, екінші топтағы жалғызілікті мүгедекті және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сондай-ақ сексен жасқа толған қарттарды, он алты жасқа дейінгі мүгедек баланы күту уақыты;

5) әскери қызметтің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметтің, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің кезендері;

6) Қазақстан Республикасының және халықаралық ұйымдардың дипломатиялық қызмет қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезеңі;

7) әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезеңдері;

8) «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек қызметінің кезеңдері;

9) Заңның 24-бабы 2-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген адамдардың еңбек қызметінің кезеңдері есепке алынады. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген кезеңдер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған шарттарда есепке алынады.»;

9-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеу кезінде осы Қағидалардың 5-тармағының 3)-9) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер, Заңның 24-бабы 2-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген адамдардың еңбек қызметі кезеңдерін қоспағанда, егер олар туралы мәліметтер алушының зейнетақы ісінде болса, зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептеледі.»;

1-қосымша осы тізбегеб-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 1-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау жәнежүзеге асыру қағидаларына 1-1-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____

Қазақстан Республикасы Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің _____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ)

Өтініш

Азамат (ша) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні: _____ жылғы «___» _____

(Соңы. Басы 17-18-беттерде)

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 5-қосымша

«Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау» мемлекеттік қызметті көрсету регламентіне 6-қосымша

«Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау» мемлекеттік қызметін көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы



Ескертпе:

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) атауы
- нұсқаны таңдау
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 6-қосымша

2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Коды _____
Облысы _____

2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеу туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің _____ облысы бойынша департаментінің 20__ жылғы «__» _____ № ___ шешімі

Азамат(ша) _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Іс № _____
Жынысы _____ Туған күні 19__ жылғы «_____» _____
Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі ___ жыл ___ ай _____ күн
оның ішінде:
1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі ___ жыл ___ ай ___ күн
МЗЖ жүзеге асырылған кезең ___ жыл ___ ай
Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің коэффициенті _____
Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2018 жылғы 1 шілдеден бастап _____ _____ теңгені _____ _____ теңгені құрайды.
(сомасы жазбаша)
Департамент басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Басқарма (бөлім) басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Маман _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Шешімнің жобасын дайындаған:
Мемлекеттік корпорация филиалының директоры
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Мемлекеттік корпорация филиалының маманы
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің бастығы
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17490 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 3 қыркүйек №ҚР ДСМ-9 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы бизнес үшін ақпараттық құралдарды қысқарту және кедергілерді болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде электронды түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.В.Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Л.АҚТАЕВА

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 3 қыркүйектегі №ҚР ДСМ-9 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 76 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10411 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану қағидаларында:

1 және 2-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

«2-тарау. Медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану тәртібі»;

16-тармақ алынып тасталсын;

45-тармақ алынып тасталсын;

46-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Диагностикалық препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану тәртібі»;

62-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталынсын;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Дезинфекциялау препараттарын сақтау, тасымалдау және пайдалану тәртібі»;

68-тармақ алынып тасталсын;

2. «Темекі бұйымдарын тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 122 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10952 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Темекі бұйымдарын тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Темекі бұйымдарын тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды түтінмен ластанған ауаның жапсарлас үй-жайларға немесе ашық алаңдарға (террасаларға) енуіне кедергі келтіретін есікпен немесе осыған ұқсас құрылғымен жабдықталған жеке үй-жайларда орналастырады.

Темекі бұйымдарын тұтыну үшін арнайы бөлінген орындар кабиналар түрінде орналастырылуы мүмкін.».

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Темекі бұйымдарын тұтыну үшін арнайы бөлінген орындар:

1) ластанған ауаның жапсарлас үй-жайларға енуіне кедергі келтіретін, темекі түтінін оқшаулап шығаруды қамтамасыз ететін, желдетудің жалпы сыртқа тарату жүйесінен бөлек, механикалық іске қосылатын ішке сору-сыртқа тарату желдеткіш жүйесімен жабық үй-жайларда;

2) күлсалғыштармен және (немесе) тұқылдарды жинауға арналған арнайы урналармен жабдықталады. Тұқылдар мен сірінкелерді сөндіруді қамтамасыз ету мақсатында урналарды құммен және басқа да жанбайтын сіңіргіш материалдармен толтыруға жол беріледі.».

3. «Кондитерлік бұйымдарды өндіру объектілеріне, кондитерлік бұйымдарды өндіру, өлшеп-орау, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы №124 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10725 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Кондитерлік бұйымдарды өндіру объектілеріне, кондитерлік бұйымдарды өндіру, өлшеп-орау, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында:

1 және 2-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

«2-тарау. Өнімдерді өндіру шарттарына қойылатын талаптар»;

26 және 29-тармақтар алынып тасталсын;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Экрандалмаған жылжымалы бактерицидті шамдар үй-жайдың 1 текше метріне (бұдан әрі – м³) 2,0-2,5 Ватт (бұдан әрі – Вт) қуаты есебінен орнатылады. Экрандалған бактерицидті шамдар үй-жайдың 1 м³-не 1,0 Вт қуаты есебінен сәуле үй-жайдағы адамдарға бағытталмаған жағдайда еденнен 1,8-2,0 м биіктікте орнатылады.

Бактерицидті шамдардың жұмыс режимін дайындаушы кәсіпорын оларды қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес белгілейді.»;

3-қосымша алынып тасталсын.

4. «Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10634 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларында:

1 және 2-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

«2-тарау. Зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен байланыста жұмыс істейтіндерді міндетті (алдын ала және мерзімдік) медициналық тексеріп-қарауларды жүргізу тәртібі»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Авиациялық персоналды (оқуға түсетін және ұшқыштарды даярлау жөніндегі авиациялық оқыту орталықтарында оқитын адамдар, әуе қозғалысына қызмет көрсететін авиадиспетчерлер, ұшқыштар, бортинженерлер (бортмеханиктер), штурмандар, авиадиспетчерлер, бортжолсеріктер, бортоператорлар, әуеқой ұшқыштар (ұшақ немесе тікұшақ), жеңіл авиация ұшқыштары, бортрадистер) міндетті медициналық тексеріп-қараулар осы Қағидалардың 10-тармағы, 13-тармағының 4-тармақшасы және 14-тармағының талаптарын сақтай отырып, «Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 15325 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Халықтың декреттелген тобына міндетті медициналық қарап-тексеруді өткізу тәртібі»

4-қосымшасында:

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

11	Медициналық ұйымдардың инвазиялық диагностикалық және емдік рәсімдерді жүргізетін жұмыскерлері, сондай-ақ биологиялық материалмен байланыста болатын медицина жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарау; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарау; АИТВ 1,2-ге зерттеп-қарау; «В» вирусты гепатиті және «С» вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарау	Әрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарау; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарау; АИТВ 1,2-ге зерттеп-қарау
			Әрбір 6 айдан кейін	«В» вирусты гепатиті және «С» вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарау

».

5. «Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 156 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10728 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпа ережелер»;

2-тармақтың 40) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«40) санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжат;»;

3-тармақ алынып тасталсын;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Көлік құралдары мен жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

9-тармақ алынып тасталсын;

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Құрылысты жобалау кезінде, көлік объектілерінің қоныстанған және рекреациялы аймақтардың ық жағына орналастыруды көздеу қажет.»;

11. Көлік объектілері орталықтандырылған суық және ыстық су жүйесімен қамтамасыз етіледі. Орталықтандырылған су құбырын немесе сумен жабдықтаудың басқа көздерін қосу мүмкін болмаған жағдайда сырттан әкелетін су пайдаланылады.

Суды жеткізу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 359 бұйрығымен бекітілген «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15695 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келетін көліктермен жүргізіледі.»;

3 және 4-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Локоматив және вагон депосын, локомотив және вагон-жөндеу зауыттарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»

«4-тарау. Жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу және жабдықтау пункттерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»

57, 59 және 61-тармақтар алынып тасталсын;

5, 6, 7 және 8-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«5-тарау. Жабық вагондарды дайындайтын кешенді пунктті күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

«6-тарау. Жол машина станциясын, қалпына келтіру пойызын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

«7-тарау. Көлік объектілерінің диспетчерлік орталығын (пунктін) күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

«8-тарау. Локомотив бригадаларының демалыс үйін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«80. Киім-кешек қоймасы (қойма) шкафтармен немесе стеллаждармен жабдықталған таза және лас киім-кешектерді бөлек сақтауға арналған үй-жайлардан тұрады. Төсек жабдықтары: жастықтар, матрастар, көрпелер және жапқыштар жылына кемінде бір рет камералық жолмен дезинфекцияланады, төсек жаймалар – әр қолданылғаннан кейін, жапқыштар – айына кемінде 1 рет, жастық және матрас тыстары жылына кемінде 1 рет және эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша жуылады.»;

9, 10, 11, 12, 13 және 14-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-тарау. Автокөлік кәсіпорындарын, техникалық қызмет көрсету станцияларын, автомобиль жанар май құю және авто-газ құю станцияларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

«10-тарау. Авиациялық техникалық базаны күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

«11-тарау. Теңіз және өзен порттарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

«12-тарау. Теміржол вокзалдарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

«13-тарау. Автовокзалдарды, автостанцияларды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

«14-тарау. Аэровокзалдарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«110. Аэровокзалдар үй-жайларының құрамында:

1) тарату залдары, күту залдары, АББ, ұшу және ұшып келу, багажды қабылдау, беру және сақтау үй-жайлары, изоляторы бар медициналық пункт, жолаушыларға арналған санитариялық тораптар;

2) санитариялық-карантиндік пункт;

3) диспетчерлік орталық (пункт);

4) персоналға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, мүкәммәлды, жабдықты және кіші механизациялау құралдарын сақтауға арналған қойма үй-жайлары;

5) дәріхана дүңгіршіктері көзделеді.»;

114-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«114. АББ-да жатын бөлмелер, дозаторы бар сұйық сабынмен жабдықталған санитариялық торап, тамақ дайындау, тамақ ішу және балаларды құндақтауға, киім-кешектерді кептіруге арналған орын көзделеді, ілгіштер орнатылады.»;

15, 16 және 17-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

